

## Бірыңғай тіркелген салықтық ставкалары туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 17 қарашадағы N 31-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 желтоқсанда N 13-5-140 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 20-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 12.03.2018 № 20-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 422-бабына (Салық кодексі) сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

#### 1. Белгілеу:

Ғабит Мүсірепов атындағы аудан аумағында қызмет ететін барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтық ставкалары бір айға бір бірлік үшін, қосымшаға сәйкес.

2. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 4-3 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" шешімінің 2 қосымшасы (тіркеу номері 13-5-50 2008 жылғы 16 қаңтар, "Есіл өңірі" газеті 2008 жыл 18 қаңтар № 3, "Новости Приишимья" газеті 2008 жыл 21 қаңтар № 3) күші жойылды деп саналсын.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден соң күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

XXXI сессиясының

төрағасы

КЕЛІСІЛДІ

"Ғабит Мүсірепов атындағы

аудан бойынша салық

басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Аудандық мәслихат

хатшысы

Қ. Бижанов

М. Ағажанов

Б. Ысқақова

Аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 17 қарашадағы № 31-2 шешіміне қосымша

## Бірыңғай тіркелген салықтық ставкалары

| № | Кәсіпкерлік қызметтің түрі                                                          | Салық салу объектісінің бірлігіне ставкалардың 1 айлық мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерінде) |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы                          | 1                                                                                               |
| 2 | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 1                                                                                               |
| 3 | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютері                                   | 1                                                                                               |
| 4 | Ойын жолы                                                                           | 5                                                                                               |
| 5 | Карт                                                                                | 2                                                                                               |
| 6 | Бильярд үстелі                                                                      | 3                                                                                               |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК